**2024 - 2026 жылдарға арналған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің үйлестірілген (келісілген) көлік саясатын іске асырудың негізгі бағыттары мен кезеңдерін іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары ("жол картасы") туралы**

Еуразиялық Үкіметаралық Кеңестің 2024 жылғы 1 қазандағы № 15 Өкімі.

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 19 " Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің үйлестірілген (келісілген) көлік саясатын іске асырудың негізгі бағыттары мен кезеңдері туралы" шешімінің 3-тармағына сәйкес:

1. Қоса беріліп отырған 2024 - 2026 жылдарға арналған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің үйлестірілген (келісілген) көлік саясатын іске асырудың негізгі бағыттары мен кезеңдерін іске асыру жөніндегі іс – шаралар жоспары ("жол картасы") (бұдан әрі – іс-шаралар жоспары) бекітілсін.

2. Еуразиялық экономикалық одаққа және Еуразиялық экономикалық комиссияға мүше мемлекеттердің үкіметтері іс - шаралар жоспарының уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Еуразиялық экономикалық комиссия Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің іс-шаралар жоспарының орындалуына мониторинг жүргізуді қамтамасыз етсін және оның нәтижелері туралы Еуразиялық үкіметаралық кеңесті 2027 жылғы бірінші жартыжылдықта хабардар етсін.

4. Еуразиялық экономикалық комиссия Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен бірлесе отырып 2025 жылғы 1 ақпанға дейін іс-шаралар жоспарына қосымша іс-шараларды енгізу туралы мәселені пысықтасын және мүше мемлекеттермен келісілген іс-шаралар жоспарына тиісті өзгерістер енгізу туралы ұсыныстарды Еуразиялық үкіметаралық кеңестің қарауы үшін ұсынсын.

5. Осы өкім Еуразиялық экономикалық одақтың ресми сайтында жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

**Еуразиялық үкіметаралық кеңес мүшелері:**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Армения Республикасынан | Беларусь Республикасынан | Қазақстан Республикасынан | Қырғыз Республикасынан | Ресей Федерациясынан |

Еуразиялық үкіметаралық кеңестің
2024 жылғы 1 қазандағы
№15 өкімімен
БЕКІТІЛГЕН

# Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің 2024 - 2026 жылдарға арналған үйлестірілген (келісілген) көлік саясатын іске асырудың негізгі бағыттары мен кезеңдерін іске асыру жөніндегі іс - шаралар ЖОСПАРЫ ("жол картасы")

| Іс-шара | Іске асыру уақыты | Жауапты орындаушы | Жоспарлы нәтиже ( құжат) |
| --- | --- | --- | --- |
| Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі тиісінше – мүше мемлекеттер, Одақ) үйлестірілген (келісілген) көлік саясатының міндеттері мен басымдықтарын іске асыруға бағытталған іс-шаралар<br>Көлік саласындағы ортақ артықшылықтарды қамтамасыз ету жөнінде келісілген шаралар қабылдау және озық халықаралық тәжірибелерді іске асыру, оның ішінде Еуропа мен Азия арасындағы транзиттік көлік-экономикалық байланыстарды жүзеге асыру кезінде Одақтың географиялық артықшылықтарын неғұрлым толық іске асыруға жәрдемдесу, озық шетелдік тәжірибені талдау және келісілген енгізу | | | |
| 1 . Халықаралық озық тәжірибені енгізуді талдау, көлік саласын дамытудың басым бағыттары бойынша, оның ішінде мүше мемлекеттердің БҰҰ-ның 2030 жылға дейінгі орнықты даму мақсаттарын іске асыруы, аралас және контейнерлік тасымалдарды дамыту, көлік қызметінде пайдаланылатын | 2024-2026 жылдар | Мүше мемлекеттер, Еуразиялық экономикалық коммисия (бұдан әрі – Комиссия) | Мүше мемлекеттердің ақпараты, талдамалық |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| электрондық құжаттарды қолдану бойынша үздік халықаралық тәжірибелерді іске асыру | | | | материалдар |
| 2. Мүше мемлекеттердің көлік жүйелерін әлемдік көлік жүйесіне интеграциялау | | | | |
| 2. Одаққа электрондық көлік құжаттарын енгізу мақсатында Одақ құқығын және мүше мемлекеттердің заңнамасын дамыту және жетілдіру, соның ішінде: Одақ шеңберінде халықаралық стандарттарды қолдану негізінде көліктік Ақпараттық жүйелермен сервистердің үйлесімділігін қамтамасыз ету; көлік саласында құжаттарды қағаз жеткізгішт | 2024-2026 жылдар | Комиссия, мүше мемлекеттер | Одақ органдарының актілері, мүше мемлекеттердің | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| е пайдаланудан бас тарту; | | | нормативтік құқықтық актілері |
| көлік саласындағы деректерді электрондық әдіспен алмасуға көшу | | | |
| 3. 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап Ұлттық бағдарламалық құжаттарды ескере отырып, 2035 жылға дейін мүше мемлекеттерде контейнерлік тасымалдарды дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлеу | 2025-2026 жылдар | Комиссия, мүше мемлекеттер | Комиссияның ұсынымы |
| 4. Көлік қызметінде пайдаланылатын электрондық құжаттарды енгізу бойынша пилоттық (тестілік) жобаларды (оның ішінде | 2024-2026 жылдар | мүше мемлекеттер, Комиссия | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| екіжақты форматта) іске асыру | | | нәтижелер сынақтар, есептер |
| 5. Халықаралық ұйымдарда мүше мемлекеттердің мүдделерін есепке алу мақсатында үйлестірілген позицияларды әзірлеу мүмкін болатын көлік саласындағы халықаралық шарттардың тізбесін айқындау: | | | |
| мүше мемлекеттердің көлік саласындағы халықаралық шарттарға қатысуының мониторингі; | Жыл сайын | Комиссия, мүше мемлекеттер | көлік саласындағы уәкілетті органдар басшыларының кеңесіне ұсынылатын мониторинг нәтижелері туралы ақпарат |
| халықаралық ұйымдарда мүше мемлекеттердің үйлестірілген позициясы | қажет болған жағдайда | мүше мемлекеттер, Комиссия | консультациялардың хаттамалары, комиссияның консультативтік органдарының, басшылар кеңесінің шешімдері, Одақтың |

| | | | |
|---|---|---|---|
| н қалыптастыру мақсатында консультациялар өткізу | | | халықаралық қызметінің негізгі бағыттарын іске асыру нәтижелері туралы ақпарат |
| 3. Көлік қызметтерінің сапасын арттыру | | | |
| 6. Одақтың ішкі нарығындағы кедергілерді анықтау және жою, сондай-ақ автомобиль, су, әуе және темір жол көлігі қызметтерінің салалық нарықтарының жұмыс істеуіне әсер ететін кедергілердің мониторингін қоса алғанда, алып қоюлар мен шектеулерді барынша қысқарту | тұрақты негізде | мүше мемлекеттер, Комиссия | Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңеске ұсынылатын кедергілерді жою барысы туралы жыл сайынғы баяндамаға енгізуге арналған материалдар, консультациялар хаттамалары, консультативтік органдардың шешімдері, ақпарат |
| 7. Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының "Еуразиялық экономика | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| лық одақ көлік қызметін көрсету сапасы индикаторларының тізбесі туралы" 2019 жылғы 3 желтоқсандағы № 41 ұсынымында айқындалған индикаторларға сәйкес көлік қызметтерінің сапа көрсеткіштерінің өзгеру серпіні туралы ақпарат дайындау | Жыл сайын | Комиссия, мүше мемлекеттер | Одақтың ресми сайтында орналастыру үшін мониторинг нәтижелері туралы ақпарат |
| 8. Одақта көлік қызметтерінің сапасын бағалаудың тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар дайындау | 2024 жыл | Комиссия, мүше мемлекеттер | Талдамалық материалдар, басшылар кеңесінің шешімі |
| 4. Еуразиялық көлік дәліздерін құру және дамыту | | | |
| 9. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумақтары | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| нда "Шығыс – Батыс" және "Солтүстік – Оңтүстік" бағыттарында, оның ішінде Қытайдың "Бір белдеу - бір жол" бастамасымен ұштастыру шеңберінде көлік инфрақұрылымын құру және дамыту туралы" баяндама дайындау (Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 12 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық интеграцияны дамытудың 2025 жылға дейінгі стратегиялық бағыттарының 7.4.1- | Жыл сайын | Комиссия, мүше мемлекеттер | Еуразиялық үкіметаралық кеңестің қарауы үшін баяндама | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| тармағына сәйкес) | | | |
| 10. Цифрлық көлік дәліздерінің экожүйесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс шеңберінде, оның ішінде Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 4 өкімімен бекітілген іс-шаралар жоспарын кезең-кезеңімен іске асыру шеңберінде келісілген ұстанымдарды әзірлеу | 2024-2026 жылдар | Комиссия, мүше мемлекеттер | Консультациялардың хаттамалары |
| 11. Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының 2021 жылғы 26 қазандағы № 175 өкімімен бекітілген Еуразиялық көлік дәліздеріні | қажет болған жағдайда | | Алқа өкімі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| ң тізбесін (бұдан әрі – Еуразиялық көлік дәліздерінің тізбесі) өзектендіру | | Комиссия, мүше мемлекеттер | |
| 12. Мүше мемлекеттердің аумақтарында "Шығыс – Батыс" және "Солтүстік – Оңтүстік" бағыттарында көлік инфрақұрылымының "тар жерлерінің" тізбесін қалыптастыру және оларды жөндеу жөнінде ұсыныстар әзірлеу | 2024-2026 жылдар | мүше мемлекеттер, Комиссия | Басшылар кеңесінің шешімі |
| 5. Көлік инфрақұрылымын дамытуды үйлестіру | | | |
| 13. Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2022 жылғы 26 тамыздағы № 19 өкімімен мақұлданған басым интеграциялық инфрақұрылымдық жобалар тізбесіне сәйкес мүше мемлекеттердің көлік саласындағы басым интеграциялық инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру мониторингі | 2024-2026 жылдар | Комиссия, мүше мемлекеттер | мониторинг нәтижелері туралы ақпарат, Комиссия алқасы отырысының хаттамалық жазбасы |
| 6. Көлік саласындағы ғылым мен инновацияны дамыту | | | |
| | | | талдамалық |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 14. Көлікте ( автомобиль, су, әуе және теміржол) жаңа ( инновациялық) технологияларды енгізуді талдау | 2024-2026 жылдар | мүше мемлекеттер, Комиссия | материалдар, консультация хаттамалары, консультативтік органдармен Жұмыс топтарының шешімдері |
| II. Мүше мемлекеттердің автомобиль көлігі саласындағы үйлестірілген (келісілген) көлік саясатын іске асыруға бағытталған іс-шаралар | | | |
| 15. Еуразиялық көлік дәліздерінің тізбесіне енгізілген автомобиль жолдары бойынша халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру кезінде ауыр салмақты және ( немесе) ірі көлемді көлік құралдарының жүріп өтуі үшін арнайы рұқсаттарды рәсімдеу және беру жөніндегі жекелеген рәсімдерді үйлестіруге бағытталған іс-шаралар жоспарын дайындау және қабылдау | 2024 жыл | Комиссия, мүше мемлекеттер | Іс-шара жоспары, Одақ органының актісі |
| 16. Еуразиялық көлік дәліздерінің тізбесіне енгізілген автомобиль жолдары бойынша халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру кезінде қауіпті жүктерді тасымалдауға арнайы рұқсаттарды рәсімдеу және беру жөніндегі жекелеген рәсімдерді үйлестіруге бағытталған | 2024 жыл | Комиссия, мүше мемлекеттер | Іс-шара жоспары, Одақ |

| | | | |
|---|---|---|---|
| іс-шаралар жоспарын дайындау және қабылдау | | | органының актісі |
| 17. Одақ шеңберінде мүше мемлекеттердің зияткерлік көлік жүйелерінің өзара іс-қимылын жетілдіру жөніндегі тұжырымдаманы дайындау және қабылдау | 2024 жыл | Комиссия, мүше мемлекеттер | Одақ органының актісі |
| 18. Мүше мемлекеттердің зияткерлік көлік жүйелерін құру және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету бөлігінде нормативтік құқықтық актілердің әдіснамалық негіздері мен жобаларын әзірлеу жөнінде ұсыныстар дайындау | 2024-2025 жылдар | мүше мемлекеттер, Комиссия | Консультациялардың хаттамалары |
| 19. "Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы шекарасында көліктік (автомобильдік) бақылауды ақпараттық қамтамасыз ету" жалпы процесін іске асыру мониторингі | 2024-2026 жылдар | Комиссия, мүше мемлекеттер | консультативтік Комитетке ұсынылатын мониторинг нәтижелері туралы ақпарат |
| 20. "Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы шекарасында көліктік (автомобильдік) бақылауды ақпараттық қамтамасыз ету" жалпы процесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындау | 2026 жыл | Комиссия, мүше мемлекеттер | талдамалық материалдар, консультация хаттамалары, комиссияның консультативтік органдарының шешімдері |
| 21. Еуразиялық көлік дәліздеріне енгізілген Еуразиялық экономикалық одаққа | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| мүше мемлекеттердің автомобиль жолдары бойынша қозғалыс кезінде көлік құралдарының рұқсат етілген массалары, осьтік жүктемелері мен габариттері туралы келісімді іске асыру мониторингі ( Келісім күшіне енген жағдайда) | 2024-2026 жылдар | Комиссия, мүше мемлекеттер | басшылар кеңесіне ұсынылаты н мониторин г нәтижелер і туралы ақпарат |
| 22. Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2015 жылғы 8 мамырдағы № 13 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бірінің аумағында тіркелген тасымалдаушылардың Еуразиялық экономикалық одаққа мүше екінші мемлекеттің аумағында орналасқан пункттер арасында 2016 жылдан 2025 жылға дейінгі жүктерді автомобильмен тасымалдауды кезеңге кезең - кезеңімен ырықтандыру бағдарламасын іске асыру мониторингі | 2024-2026 жылдар | Комиссия, мүше мемлекеттер | Басшылар кеңесіне берілетін мониторин г нәтижелер і туралы ақпарат, Жоғары Еуразиялы қ экономика л ы қ кеңеске берілетін ақпарат |
| III. Мүше мемлекеттердің су көлігі саласындағы үйлестірілген (келісілген) көлік саясатын іске асыруға бағытталған іс-шаралар | | | |
| 23. 2019 жылғы 1 ақпандағы Кеме қатынасы туралы келісімде көзделген Кемелер экипажының ең аз құрамына қойылатын талаптар туралы халықаралық ведомствоаралық шартты әзірлеу | 2024-2025 жылдар | мүше мемлекеттер, Комиссия | халықаралы қ ведомство аралық шарттың жобасы |
| | | | 2019 жылғы 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 24. 2019 жылғы 1 ақпандағы Кеме қатынасы туралы келісімге өзгерістер енгізу | 2024-2025 жылдар | мүше мемлекеттер, Комиссия | ақпандағы Кеме қатынасы туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттама |
| 25. 2019 жылғы 1 ақпандағы Кеме қатынасы туралы келісімнің күшіне енуін қамтамасыз ету | 2024-2025 жылдар | Беларусь Республикасы, Комиссия | мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілері, Беларусь Республикасы Сыртқы істер министрлігінің нотасы, Комиссия ноталары |
| IV. Мүше мемлекеттердің әуе көлігі саласындағы үйлестірілген (келісілген) көлік саясатын іске асыруға бағытталған іс-шаралар | | | |
| 26. Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының 2020 жылғы 24 қарашадағы №22 "Әуе кеңістігін пайдалануды жоспарлауға және әуе қозғалысын ұйымдастыруға келісілген тәсілдер туралы" ұсынымының ережелерін іске асыру мониторингін жүргізу | 2024- 2026 жылдар | Комиссия, мүше мемлекеттер | консультациялардың хаттамалары, Комиссияның консультативтік органдарының, Басшылар кеңесінің шешімдері |
| 27. Мүше мемлекеттердің ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесі үшін авиациялық оқиғалардың интеграцияланған ақпараттық | 2025 жыл | Комиссия, мүше мемлекеттер | консультациялар хаттамалары, Комиссияның консультативтік органдарының, Басшылар |

| | | | |
|---|---|---|---|
| дереккорын құрудың орындылығы туралы мәселені пысықтау | | | кеңесінің шешімдері |
| V. Темір жол көлігі саласындағы мүше мемлекеттердің үйлестірілген (келісілген) көлік саясатын іске асыруға бағытталған іс-шаралар | | | |
| 28. Мүше мемлекеттердің теміржол инфрақұрылымының жүктелуі туралы ақпарат алмасуды жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындау | 2025 жыл | Комиссия, мүше мемлекеттер | Басшылар кеңесіне ұсынылат ы н баяндама |
| 29. Темір жол көлігімен жүктерді тасымалдауды дамыту жөнінде ұсыныстар дайындау | 2024-2026 жылдар | мүше мемлекеттер, Комиссия | Консульта ц и я хаттамала ры |
| 30. Одақ шеңберінде мүше мемлекеттердің жолаушы-азаматтарының теміржол көлігімен жүріп-тұруына әсер ететін рәсімдерді оңайлату туралы ұсыныстар дайындау | 2025 жыл | Комиссия, мүше мемлекеттер | Комиссия н ы ң ұсынымы |
| 31. Жылдам жүретін (жоғары жылдамдықты) жолаушылар қатынасын ұйымдастырудың халықаралық тәжірибесіне талдау жүргізу | 2025 жыл | Комиссия, мүше мемлекеттер | талдамалы қ материалд а р , консульта циялардың хаттамала ры, |
| 32. Жылдам жүретін (жоғары жылдамдықты) жолаушылар қатынасын ұйымдастыру бойынша ұсыныстар әзірлеу ( ұлттық ерекшеліктер мен экономикалық орындылықты ескере отырып) | 2026 жыл | Комиссия, мүше мемлекеттер | Комиссия ұсынымда ры |
| 33.Мүше мемлекеттердің теміржол көлігін пайдалана отырып, Еуразиялық туристік маршруттарды дамыту жөнінде ұсыныстар дайындау | 2026 жыл | Комиссия, мүше мемлекеттер | талдамалы қ материалд а р , консульта циялар хаттамала р ы , Комиссия н ы ң консульта тивтік органдары н ы ң шешімдері |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК